

## **Дәріс № 2. Халықаралық саясаттағы акторлар**

### **Дәріс жоспары:**

1. Актор» терминінің мәні және оның пайда болуы. Халықаралық акторларға теориялық көзқарастар.
2. Мемлекеттің халықаралық қатынастарға қатысушы ретіндегі маңызы және рөлі.
3. Халықаралық қатынастардың мемлекеттік емес қатысушылары.

**Дәріс мақсаты:** Бұл тақырыпта халықаралық саясатта актор ұғымын түсінеді. Мемлекеттің ерекшеліктерін түсіндіре алады. Ұлт пен ұлтшылдық ұғымының айрмашылықтарын танымын жасай алады. Халықаралық ұйымдарды сыныптандыра алады. Транс ұлттық компаниялардың халықаралық саясаттағы ролін анықтай алады. Ұлт азаттық күрес пен террор ұйымдарының арасындағы айрмашылықтарды біле алады. Жеке тұлғаның халықаралық саясатты құрудағы ықпалын анықтай алатын қабілет пен білімге ие болады. Сонымен қатар, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар, ТНК, лоббизм, ұлт-азаттық күрес, террористік ұйымдар туралы мағлұматқа ие болады.

**Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

**Дәрістің оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

### **Дәріс мазмұны:**

1. Актор» терминінің мәні және оның пайда болуы. Халықаралық акторларға теориялық көзқарастар. Халықаралық саясатта актор ұғымы туралы көптеген танытым мен тұжырымдар бар. Дегенмен де бұлардың баршасына ортақ ерекшелігі актордың егеменді іс-әрекет жасай алуы және өзге де акторларға ықпал жасай алу қабілетінің болуы айрықша аталуда. Демек, халықаралық актор халықаралық жүйеде аз не көп еркін іс-қимыл жасай алатын, осы іс-қимылдары арқылы өзге акторлардың іс-әрекеттеріне көзге ұратындай бір өзгеріс тудыра алу қабілетіне ие құрылым, объект деп сипаттауға болады. Бір мемлекеттің соғыс жүргізе алу, бітім шартына қол қою, одақтарға кіру, немесе өзін қоршаған жүйеден оқшаулау қабілеті бұған дәлел бола алады. Халықаралық ұйымдар, ТНК не лоббилер секілді мемлекеттің тысындағы акторлардың іс-әрекеттері мемлекеттің іс-әрекетіне қарағанда әлдеқайда тар шеңбер аясында жүзеге асады. Дегенмен осынау шектеулі іс-әрекет аясын мемлекет тысындағы барлық акторлер үшін жалпы бір қағида ретінде қарастырмау керек. Өйткені, мемлекеттің тысындағы кейбір акторлер қолында шоғырлардырған материалды не материалды емес күштің арқасында кейбір мемлекеттердің ие бола алмаған қимыл-әрекет бостандығына қол жеткізуі мүмкін. БҰҰ, НАТО, ЕО секілді мемлекеттің тысындағы акторлер көптеген мемлекеттер қол жеткізе алмайтын үлкен қимыл-әрекет бостандығына ие. Актор сипатының екінші жағына, яғни өзге акторлардың іс-қимылдарында өзгеріс туғызу қабілетіне келер болсақ, бұл көбіне мемлекеттің немесе мемлекеттің тысындағы өзге акторлардың күшіне тікелей байланысты. Жалпы алғанда, мемлекеттің мемлекет тысындағы акторлерге қарағанда іс-қимылда

өзгеріс туғызуда әлдеқайда ауқымды мүмкіншілігі бар. Дей отырып, мысалға ОРЕС секілді бір ұйымның өзге акторлердің іс- қимылдарын, ұстанымдарын өзгерте алу қабілетінің Либерия не Тогоның іс-қимыл, ұстаным өзгерте алу қабілетіне қарағанда әлдеқайда артық екені шындық. Түрік саясаттанушы Тайяр Ары, осы екі ерекшеліктің қасында бір құрылымның халықаралық актор ретінде қабылдануы үшін болмысының ашық түрде нақтылануы тиіс және белгілі бір уақытқа дейін бар болу қажеттілігіне тоқталады. Сондықтан, кейбір сыртқы саясат сараптамаларында кездесіп қалатын «сыртқы күштер» немесе «кейбір күш орталықтары» секілді ұғымдар кімді ишара етіп тұрғандығы я болмаса қай кезден бері жұмыс жасап жатқаны белгісіз болғандықтан мағынасыз. Сыртқы саясат сараптамасы, барлық білім салаларында болған секілді бақылау жүргізе алатын нақты оқиғаларға жасалған ғылыми зерттеу нәтижелерін көрсеткен кезде шынайы ғылыми кейіпке енеді.

### **Мемлекет - Халықаралық саясаттың негізгі акторы ретінде**

Алдымен мемлекет деп шекарасы белгіленген аймақта шоғырланған, өмір сүрген бұқара халықты егемендік құқығына ие билік тарапынан басқарылуымен пайда болған саяси бір құрылымды атаймыз. Болмысы жағынан анархиялық болған халықаралық саясатта өзінен үстем ешқандай билік, күш болмаған мемлекет, ұстанымдары мен іс- қимылдары әртүрлі режимдер тарапынан шығарылған норма мен қағидалармен шектелген өзге халықаралық акторлердің арасында доминанттығын, басымдығын сақтап қалуда. 24 Қазан 1945 күні іске аса бастаған БҰҰ-ның жарғысының 2-бабының 1-параграфында «Ұйым, барлық мүшелердің егемендік теңдігі қағидасы негізінде құрылған» деген үкімі бүгінгі халықаралық жүйеде мемлекеттер арасындағы анархиялық байланысты сипаттап тұр. Аталмыш баптың 4-параграфында БҰҰ барлық мүшелері халықаралық байланыста қандай да болмасын бір мемлекеттің территориялық тұтастығына не саяси тәуелсіздігіне қарсы БҰҰ-ның мақсаттарына сәйкес келмейтін қандай да болмасын күш қолдану не болмаса күш қолданудан бас тарту міндеттемесін ала отырып мемлекеттің территориялық тұтастығын мойындайды. Демек, қазіргі заманауи мемлекеттің халықаралық жүйеде үш негізгі қағидаға сүйенетінін айтуға болады: егемендік, теңдік және өлкенің(территорияның) тұтастығы.

*Егемендік* мемлекеттің өз өлкесінде (территориясында) саяси басқару билігін қолдану құқығы. Ішкі егемендік мемлекеттің өз жерінде күш қолдана алатын тек билік, сыртқы егемендік болса, мемлекеттің халықаралық жүйедегі тәуелсіздігі болып табылады. *Мемлекеттердің теңдігі* деген сөз халықаралық құқықтың берген хақ пен артқан жауапкершілігі тұрғысынан бірде бір мемлекеттің өзге мемлекеттен артық не кем болмауы. Теңдік, мемлекеттердің барлығының бірдей күш пен әрекет қабілетіне ие деген сөз емес. Бұл теңсіздікті іс жүзіндегі күшке ие болу ғана емес, теориялық тұрғыда кейбір мемлекеттердің өзге мемлекеттерге қарағанда халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде белгілі бір өкілеттіліктерге ие болуынан да көруге болады. Мысалға, II.дүниежүзілік соғыстың жеңімпаздары болған бес мемлекет (АҚШ, КСРО, Қытай, Франция және Ұлыбритания) БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің

тұрақты мүшелері болып табылады. Бұл бес мемлекеттің вето құқығының салдарынан бесеудің біреуі қаламаса, яғни вето қойса, шешім қабылданбай қалады. Бұл теориялық тұрғыда мемлекеттердің бір-бірімен тең емес екенін көрсетеді.

*Өлке(территория) тұтастығы* егемендік қағидасының табиғи нәтижесі болып табылады. Егемен мемлекеттің жеріне шабуыл жасалмайды, территориясын тартып алып не бөліп, паршалап жаңа бір мемлекет құруға болмайды. Өлкенің территориялық тұтастығы негізгі қағида болғанына қарамастан БҰҰ жарғысының 1-бабының 2-параграфында халықтардың өз тағдырын өзі белгілеу, шешу құқығына тоқталуда. Алғаш рет АҚШ президенті В.Вильсон, халықтардың өз тағдырын өзі белгілеу, анықтау мәселесін көтергендіктен бұл «Вильсон қағидалары» ретінде білінген болатын. Бұл қағида, халық өздері басқару түрін тандап, тәуелсіз мемлекет құру секілді ауқымды мағынаны қамтиды. Халықтардың өз тағдырын өздері анықтау құқығы мен мемлекеттің тұтастығы арасында айтарлықтай қайшылықтың бар екені көрініп тұр. Қырғи қабақ соғыс аяқталғанға дейін халықтардың өз тағдырын өздері шешу құқығын мемлекеттің тұтастығына зарар берместен тек отар елдердің өздерінің иелерінен (метрополден) айырылуы түрінде жүзеге асуы халықаралық құқыққа сай түрде шешті. Қырғи қабақ соғыс біткеннен кейін Чехословакия, КСРО және Югославияның ыдырау үдерісі кезінде халықтардың өз тағдырын өзі шешуі федералды мемлекеттердің федералды субъектілерінің бөліну құқығы ретінде қабылдана бастады. Алайда федералды мемлекет болмаған Косованың Сербиядан бөліну құқығының көптеген мемлекеттер тарапынан танылуы және 22 Шілде 2010 жылы Халықаралық Әділет сотының алған шешімінде Косованың танылуы халықаралық құқыққа қайшы емес екендігіне үкім беруі, халықтардың өз тағдырын өздері шешу құқығы мен мемлекеттің тұтастығы қағидасы арасындағы қайшылықты қайтадан жандандырып жіберді. Бұл шешімді демократиялық емес режиммен басқарылған мемлекеттің территориялық тұтастығы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда осал халықаралық құқық қорғауында болады деп жорамалдауға болады.

25.06.1993 күні Адам құқықтарына қатысты әлем конференциясында қабылданған Вена декларациясы мен іс-әрекет бағдарламасында қол астындағы қоғамды ешқандай алаламай, бөліп-жармай басқарған, әрі жоғарғы билік орындарында өкілдік етулеріне мүмкіншілік жасаған мемлекеттегі халықтардың өз тағдырын өзі анықтау құқығының берілмейтіні бекітіледі. Осы тұрғыда аталған шарттарға ие болмаған антидемократиялық құрылымдармен басқарылған мемлекеттерде бұл құқықты қолдануға болады деп тұжырым жасаған кейбір құқықшылардың көзқарастары Косоваға қатысты алынған шешіммен әлдеқайда күшті дәлелге ие болды.

Мемлекеттің территориялық тұтастығы егемендіктің табиғи нәтижесі болып табылады. Егемен мемлекеттің территориялық тұтастығы халықаралық құқықтың қорғауында. Бұл қорғау БҰҰ арқылы жүзеге асырылады. Алайда мемлекеттер ұлыстық тұтастығын қорғау үшін көптеген сақтық шараларын асайды. Күштік элементтеріне ие болу және қолында барын нығайту, кеңейту

осы сақтық шараларының ең маңыздылары болып табылады.

Біздің дәуірімізден бұрынғы 18 ғасырда құрылған Қытай империясы немесе б.д.б. 4- 5 ғасырларда құрылған Грек полис-кенттерін мемлекеттің алғашқы түрі ретінде қабылдауымыздың бір себебі ол кездерде өге қауымдарға қатысты отырықшы мәдениет қалыптастыра алмауынан. Бүгінгі күні де мемлекет болудың бірден бір критерийі отырықшы болуы, яғни көшіп-қонып жүрмеуі тиіс. Халықаралық соттың 16.10.1975 күнгі кеңесінде мемлекеттің болуы үшін ең аз дегенде саяси және әлеуметтік ұйымдаса білуі, және бұл ұйымдасу әрекетінің адамдарды өз-өзін басқара алу деңгейіне жеткізу қажеттілігі айтылады. Олай болса, мемлекет болу үшін бір өлкенің(құрлық, теңіз, ауа кеңістігін қамтитын), бір ұлыстың және өзгеге тәуелді болмаған бір үкіметтің болуы шарт. Бұның тысында, мемлекеттің өзге мемлекеттер тарапынан танылуы не болмаса БҰҰ-на мүше болуы керек дегенді айтады. Дегенмен де тек Түркия танытын Солтүстік Кипр Түрк Республикасы не болмаса жүзден астам мемлекет таныған әрі танушылар саны әр күн артып келе жатқан, бірақ БҰҰ-на мүше болмаған Косованы мемлекет емес деп айтуға болмайды. Тану құру емес, тек мойындау, қабылдау принципі ретінде қарастырылады.

Әлем мемлекеттері тарапынан танылмаған және БҰҰ-на мүше болмаған мемлекеттердің автономды іс-қимыл жасауы өзге мемлекеттерге қарағанда шектеулі болатынын сөзсіз. Өзін ешқандай мемлекет танымаған өлкемен дипломатиялық, сауда, спорт не мәдени қарым-қатынастар орната алмаған мұндай мемлекетер іс-қимыл әрекеті шектеулі болғандықтан мемлекетке ұқсас (quasi state-квази государство) ретінде сыныптандырылады.

### **Мемлекет-Ұлт-Ұлтшылдық**

Мемлекеттің қашан құрылғандығына қатысты қазіргі заман ұғымындағы академиялық бір дау, дискуссия жоқ. Тек 1648 жылы Отыз жылдық соғысты аяқтаған Вестфалия келісім- шартымен заманауи мемлекеттердің құрылғандығына қатысты кеңінен тараған жалпылама бір көзқарас бар. 16 ғасырға дейін Еуропада саяси қауымдастықтар полис, сивитас, республика(polis, civitas, respublica) не болмаса регнум(regnum) секілді бүгінгі күні өлке мағынасын беретін сөздермен аталды. 16 ғасырдан соң мемлекет сөзінің баламасы ретінде state, etat, stato сөздері Батыс тілдерінде қолданыла басталды. Бұл кезең сонымен қатар феодализмнің жойылуы, шіркеудің саяси күшінің әлсіреуіне тура келді.

Ұлт ұғымын бір өлкеде өмір сүрген, ортақ дәстүр, мүдде біріктірген топтардың жауапкершілігін арқалаған топты айту үшін қолданған. Осы тұрғыда ұлт, қан жақындығы, ортақ тіл, дін секілді ортақ белгілерге ие халық не этникалық топтан тұрады. Ұлтты, халық, этникалық топ, тайпа не болмаса соған ұқсас топтардан ерекшелендіріп тұратыны оның заманға лайықты бола білуінде. Өз елінің, мемлекетінің бақилығын қамтамасыз ету не болмаса мемлекет құру үшін күш-қайрат, жігер көрсетуі тұрғысынан ұлт

**Халықаралық саясатта мемлекет тысындағы акторлерге тұлғалар, ТНҚ, саяси сипатты үкіметтік емес ұйымдар, халықаралық ұйымдар(Ұлттар лигасы, БҰҰ, ЕО, НАТО).**

Ұлыс мемлекеттердің алғашқы қарапайым түрлері Испания мен Португалияда байқалды, одан кейін Вестфалия келісім-шартымен пайда болған Алман мемлекеттері;

«Франция француздардың» деген ұранмен 1789 ж.Француз революциясымен дүниеге келген модерн Франция. Наполеон шапқыншылықтарынан кейін Еуропада толқын секілді жайылған ұлтшылдық Бельгияның құрылуына, Польшаның көтерілісіне себеп болды. Бұл Балкандарға жайылды. Еуропадағы бұл толқын оңтүстік Америкаға ұласып Колумбия(1819), Боливия(1821) және Мексика(1824) ұлыс мемлекеттері құрылды. I.дүниежүзілік соғыстан кейін көпұлтты империялар ыдырап ұлыс мемлекеттер пайда болды. Бұан кейінгі ұлтшылдық толқыны II.дүниежүзілік соғыстан кейін отар елдердің тәуелсіздігін алумен басталды. Ең соңғы ұлтшылдық толқыны 1990 жылдарда басталды. Ең алдымен КСРО құрамындағы мемлекеттер өз тәуелсіздігін жариялайды. Югославия ыдырайды. Судан режимінің қысымына қарсы оңтүстік Судан өз тәуелсіздігін жариялап 9 Шілде 2011-де БҰҰ-на кірген ең жас мүше болды.

### **Әлсіз мемлекет, күйреген мемлекет және квази мемлекет**

Мемлекет ретінде шекаралары белгіленген бір өлкедегі бұқара халықты егемендік өкілеттігіне ие билік тарапынан басқарылуымен пайда болған саяси құрылымды атаған болатынбыз. Әлемдегі 193 мемлекет бүкіл осы критерилерге жауап беріп БҰҰ-на мүше болған. Алайда ұйымға мүше мемлекеттердің арасында біршама айырмашылықтардың болғаны секілді, мүше емес өзге құрылымдардың да осы критерилерге ие екенін айтуға болады. Кейбір мемлекеттер өзінің ерекшеліктеріне байланысты халықаралық саясатта басқалары секілді айтарлықтай ролге ие емес. Бұндай мемлекеттер әлсіз мемлекет, күйреген мемлекет және квази мемлекеттер.

**Әлсіз мемлекет** дегеніміз құқықи тұрғыда өзге мемлекеттермен тең дәрежеде болғанымен, күш тұрғысынан өзге мемлекеттерге қарағанда әлдеқайда осал, төмен жағдайдағы мемлекеттер. Әлсіз экономикасы, әскери қабілетінің төмендігі, халқының санының аздығы, шағын көлемімен халықаралық саясатта өзге мемлекеттерге қарағанда әлдеқайда төмен жағдайда. 65000 тұрғыны және 115 миллион долларлық ұлттық кірісі бар Маршалл аралдары не болмаса 110000 тұрғыны және 277 миллион доллар ұлттық кірісі бар Микронезия Федерациясын әлсіз мемлекеттер ретінде айтуға болады. Бұл мемлекеттер БҰҰ мүшесі және көбі XX ғасырдың екінші жартысында отарлық езгіден құртылып тәуелсіздігін жариялаған.

**Күйреген мемлекет** деп өз территориясында егемендік өкілеттігін толық қолдана алмаған мемлекетті айтуға болады. Қоғамда қылмыстың жоғары дәрежеде өркен жаюы, азаматтардың мемлекетке деген сенімінің жоғалуы, мал-жан қауіпсіздігінің толық қанды түрде қамтамасыз етілмеуі, экономиканың үлкен бір бөлігінің мемлекеттің бақылау мен назарының тысында өрбуі, жемқорлықтың жоғары дәрежеде болуы мемлекеттің шекарадағы қауіпсіздігін де қамтамасыз ете алмайды. Соғыс, басқыншылық, этникалық не болмаса діни қақтығыстар немесе табиғи апаттар мемлекеттің болмысында ыдырау процесіне себеп болып күйреген мемлекеттің пайда

болуына апарып соғуы мүмкін. БҰҰ- на қарасты Fund For Peace атты құрылымның жыл сайын жариялаған мәліметтері бойынша 2011 жылында әлемде 20 шақты күйреген мемлекет бар екен. Бұл мемлекеттердің 14-і Африка құрылығында(Сомали, Чад, Судан, Конго Демократиялық Республикасы, Зимбабве, Орталық Африка Республикасы, Пілтiсi жағалауы, Гине, Нигерия, Нигер, Кения, Бурунди, Гвиней-Биссау, Эфиопия), 5-уі Азия құрылығында(Ауғаныстан, Ирак, Пәкістан, Йемен, Мянмар) және Америка құрылығындағы Гаити.

**Квази мемлекет (quasi state)** деп мемлекет болу үшін қажетті шарттарды яғни территория, халық және үкімет критерилерін орындап, тәуелсіздігін жариялағанымен әртүрлі себептерге байланысты өзге мемлекеттер тарапынан танылмаған және БҰҰ-на мүше бола алмаған мемлекеттерді айтуға болады. Бұл мемлекеттерді халықаралық саясат тілінде «танылмаған мемлекет, де факто мемлекет, пара-мемлекет, псевдо-мемлекет» секілді сөздермен танытуда. Бұл мемлекеттер ұлт-азаттық соғыс, азаматтық соғыс не болмаса халықаралық әскери операциялардың нәтижесіндегі бөлінуден пайда болған. Бұл мемлекеттер БҰҰ-ның мемлекет территориясының тұтастығы қағидасының аяқ асты етуінің салдарынан пайда болғандықтан халықаралық қауымдастық тарапынан танылмауда. Кейде тіпті БҰҰ өзінің мүшелеріне бұл мемлекеттерді танымау туралы үндеу сипатты шешім қабылдауда. Бұндай мемлекеттер халықаралық жағдайға байланысты бір ғана мемлекет тарапынан танылуы да мүмкін(Солтүстік Кипр Түрік Республикасын Түркия таниды), көптеген мемлекеттер тарапынан танылуы да мүмкін (Косованы 80-нен астам мемлекет таныған), бірақ БҰҰ-на мүше бола алмайды, немесе әлемде ешбір мемлекет тарапынан танылмауы мүмкін(Оңтүстік Осетия, Таулы Қарабағ және т.б. секілді). Квази мемлекеттер секілді құрылымдар БҰҰ-на және өзге де халықаралық ұйымдарға мүше бола алмайды. Өзін танымаған бір де бір мемлекетпен дипломатиялықжәне сауда қарым- қатынастарын орната алмайды. Алайда бұл мемлекеттердің кей кездерде халықаралық ұйымдарда әртүрлі статус аясында өкілдік жасап жүргендерін кездестіруге болады. Мысалға, Солтүстік Кипр Түрк мемлекеті Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына бақылаушы мүше ретінде өкілеттік жасаса, Палестина БҰҰ-ның мүшесі болмаса да ЮНЕСКО-ға мүше ретінде қабылданған. Бұған қоса, Тайван, Ирак Күрт Федералды Басқармасы мен Батыс Сахара квази мемлекеттерін айтуға болады.

### **Мемлекеттің тысындағы акторлар**

Либерал теориялар халықаралық бейбітшіліктің сақталуы үшін халықаралық ұйымдардың роліне назар аударады. Бұл теориялар жеке тұлғалардың құқықтарының дамуы, ұлыстардың өзін өзі билеу құқығы мен бостандық тақырыптарын халықаралық саясатқа қосуда. Реносанс дәуірінде қалыптаса бастаған либерал халықаралықшылдық, Вилсонның 14 принципімен екі дүниежүзілік соғыс арасындағы халықаралық саясатқа күшті ықпал етті. Осы кезеңде құрылған Ұлттар Лигасы мен II.дүниежүзілік соғыстан кейін құрылған БҰҰ көбіне либерал халықаралықшылдық теорияның принциптеріне негізделген. И.Канттың 18 ғасырда халықаралық

бейбітшілік тек жахандық көлемдегі халықаралық ұйымның арқасында болуы мүмкін деген пікірі осы екі ұйымның құрылуына себеп болды. Либерал ұстанымның жеке тұлғаның бостандығына ерекше көңіл бөлуі жекелеген тұлғалардың кей кездерде халықаралық саясаттың акторы бола алатыны жайлы сенім туғызды.

#### *Транснационал компаниялар*

Транснационал компаниялар өздерінің өте қуатты экономикалық күштерімен халықаралық саясатқа ықпал жасай алады. Өздері жұмыс жасап жатқан мемлекеттің заңдарын, көріп жатқан пайдаларын өзгертуге ықпал жасай алады. Осы мақсатта қысым жасайды, қажет болған жағдайда мемлекеттің басындағы билікті, режимді ауыстыру қабілетіне ие. ТНК-лар өздері жұмыс жасап жатқан мемлекеттің өрлеуіне үлес қосады

#### *Халықаралық ұйымдар*

Халықаралық деңгейде әрекет ететін, бірден көп мемлекеттің немесе әртүрлі мемлекеттердегі тұлғалардың, азаматтық ұйымдар не болмаса әртүрлі мемлекеттік емес бірліктердің сауда мақсатында болмаған құрылымдарға топтасуын халықаралық ұйым деп атайды. Негізінде халықаралық ұйымдарды екі басты критерий бойынша бір-бірінен айыруға болады: географиялық және функционалдық. Географиялық критерий бойынша, халықаралық ұйым өз іс-әрекеттерін белгілі бір аймақта ма әлде жахандық көлемде атқара ма соған байланысты. Өңірлік ұйымдарға мысал ретінде тек Солтүстік Америкадағы мемлекеттер ғана мүше NAFTA-ны немесе Оңтүстік-Шығыс Азиядағы мемлекеттер мүше болған ASEAN-ды айтуға болады. Әлемдік деңгейдегі халықаралық ұйымдарға үлгі ретінде әлемнің барлық мемлекеттері мүше БҰҰ-ны немесе осы салаға қатысты стандарттарды жетілдіру үшін құрылған ХЕҰ-ны мысалға келтіруге болады.

Функционалдық критерий болса, халықаралық ұйым қандай мақсатқа қызмет етеді соған байланысты деген мағынаны береді. Халықаралық ұйым әскери не экономикалық мақсаттармен құрылатыны секілді қоршаған ортаны қорғау не болмаса адам құқықтарын жетілдіру мақсатында да құрылуы мүмкін. Халықаралық ұйымдар; әскери (НАТО), экономикалық (EFTA, APES және т.б.), қоршаған ортаны қорғау (Green Peace), адам құқықтарын жетілдіру (Amnesty International), баспасөз бостандығы (шекара танымайтын журналистер), гуманитарлық көмек (Қызыл Ай және Қызыл Крест ұйымдары), азық-түлік және ауыл шаруашылығы (FAO).

Халықаралық ұйымдарды мүшелеріне байланысты үкіметтік және үкіметтік емес болып бөлуге болады.

#### *Үкіметаралық ұйымдар*

Мемлекеттердің бас қосып құрған, бірақ оны қалыптастыру кезінде құрушы мемлекеттердің жеке еркінің тысында басқа ерік пен құқықтық тұлғаға ие құрылымдар. Жалпы ереже бойынша, үкіметаралық ұйымдар өз шешімдерін бірауыздан қабылдайды. Қабылданбаған шешімді іске асыру мемлекеттің егемендік құқығына қайшы деген қағидаға байланысты, мемлекеттер көбінесе шешімді қабылдау шарты ретінде көпшілік дауыс беру принципін қабылдаудан бас тартады. Бұл тұрғыда ЕО өте маңызды ерекшелік

калыптастыруда.

Наполеон соғыстарынан кейін Еуропада күш тепе-теңдігін сақтау үшін құрылған Еуропалық гармония, Ұлттар Лигасы және II-дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті орнату үшін құрылған БҰҰ-н үкіметаралық ұйымдарға мысал ретінде айтуға болады. 1945 жылы 24 қазанда құрылған БҰҰ бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қорғауды мақсат етеді; халықаралық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени ынтымақтастыққа бағытталған. 51 мемлекетпен құрылған БҰҰ қазіргі кезде 193 мүшеден тұрады. Ұйымның негізгі органдары - Бас ассамблея, Қауіпсіздік кеңесі, Экономикалық және әлеуметтік кеңес, Бас хатшылық және Халықаралық сот және қамқоршылық кеңес. БҰҰ-ның негізгі мүшелерінен басқа әртүрлі көмекші органдар бар. Олар үш ішкі органға, техникалық көмекші органдарға және арнайы көмекші органдарға бөлінеді: Халықаралық- құқықтық комиссия және Адам құқықтары жөніндегі комиссияның ішкі органдары; БҰҰ әкімшілік сотының техникалық көмекші органдары; ЮНИСЕФ, БҰҰ Босқындар жөніндегі Жоғарғы Комиссарын арнайы көмек органына мысал ретінде келтіруге болады.

Үкіметаралық ұйымдарды мемлекеттердің екіжақты келісімдер немесе одақтар арқылы қол жеткізе алмаған мүдделеріне қол жеткізуге болатын қолшатыр немесе өзге мемлекеттермен өзара әрекеттестікті тұрақты ету үшін қолданылатын платформа ретінде қарастыруға болады. Мемлекеттер жалғыз өзі қол жеткізе алмайтын ауқымды қауіпсіздік жүйелеріне қосылу, ортақ қатерден қорғану, жаңа нарықтарға шығу немесе жалпы құндылықтарды сақтап, тарату үшін үкіметаралық ұйымдарға мүше болады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін еркін әлемнің НАТО-да және социалистік мемлекеттердің Варшава пакті төңірегіне топтасуын қауіпсіздік уайымы мен төнген ортақ қатерден сақтану деп түсіндіруге болады.

Сонымен қатар, көптеген мемлекеттер өз елдерінде өндірілген тауарлар мен қызметтерді неғұрлым кең нарыққа шығару, төмен кедендік баж салығын пайдалану, квота не тарифтік емес кедергілерге душар болмау үшін Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болған. Бұнымен қатар, өздерінің өңірлеріндегі басқа мемлекеттермен бірігіп, қалыптастырған өңірлік интеграциялық бастамаларды үкіметаралық ұйымдар қатарына қосуға болады. Бұл экономикалық интеграцияны көздейтін үкіметаралық ұйымдар - АРЕС (Азия-Тынық мұхиттық экономикалық ынтымақтастық), САСМ (Орталық Американың ортақ нарығы), GCC (Парсы шығанағы ынтымақтастық кеңесі), SADC (Оңтүстік Африка Даму қауымдастығы) және CAREC (Орталық Азияның аймақтық экономикалық ынтымақтастығы) мысалын келтіруге болады.

Ортақ құндылықтарды бөлісетін мемлекеттер бірігіп, осы құндылықтарды сақтауға және таратуға тырысатын үкіметаралық ұйымдарды Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы, Еуропа Кеңесі және Рим Статутымен бекітілген Халықаралық қылмыстық сот мысал ретінде атауға болады. Ислам Конференциясы Ұйымы деген атпен құрылған, 2011 жылы Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы болып өзгерген ұйым 1969 жылы 25 қыркүйекте



құрылған болатын. 57 мемлекет мүше және 5 мемлекет бақылаушы мәртебесіне ие ұйым Ислам елдерін бір шаңырақ астына жинап, мүшелер арасындағы өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты арттыруды мақсат етеді. 47 мемлекет мүшесі бар Еуропа Кеңесі 1949 жылы Еуропада бейбітшілікті, адам құқықтары мен демократияны тарату мақсатында құрылды.

ЕО-ны дәстүрлі үкіметаралық халықаралық ұйымдардан бөлек категория ретінде қарастыру қажет. Мұның себебі, ЕО үкіметаралық құрылымымен қатар, оның кейбір шешімдерін ұлттықтан жоғары деңгейде қабылдайтын **sui generis** құрылымы бар. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Франция мен Германия арасында ғасырлар бойғы араздық тудырған көмір қорын бірлесіп пайдалану үшін 1951 жылы құрылған Еуропалық көмір және болат ұйымының (ECSC) нәтижесі жемісті болды. Еуропалық көмір және болат ұйымын құрушы алты мемлекет (Германия, Франция, Италия, Бельгия, Нидерланды, Люксембург), 1957 жылы Рим келісімі, EURATOM (Атом энергиясы бойынша Еуропалық қауымдастық), Еуропа Экономикалық Қауымдастығын құрады. 1965 жылы осы үш ұйымды біріктірген фузион келісімімен бірыңғай комиссия, кеңес және парламент құрылды, құрылым бюджеттерді біріктіру арқылы Еуропалық қауымдастық деп аталды. 1992 жылы Маастрихт шартынан кейін Одақ деп аталған ЕО осы келісіммен үш тірекке құрылды: Еуропалық Қоғамдастық, Біртұтас Сыртқы және Қауіпсіздік Саясаты, Әділет пен Ішкі істер. Осы үш тіректің ішінен Еуропалық Қоғамдастық бағанына қатысты шешімдер ұлтүсті негізде қабылданса, ал қалған екеуі - Біртұтас Сыртқы істер және Қауіпсіздік Саясаты және Әділет пен Ішкі істерге қатысты шешімдер үкіметаралық негізде қабылданды. 2009 жылдың 1 желтоқсанында күшіне енген Лиссабон келісімімен ұлтүсті негізде қабылданатын шешімдер көбейтілді. 2007 жылы 27 толық мүшесі болған Еуропалық Одақ Хорватияның қосылуымен 2013 жылы 28 мүшесі бар одаққа айналды. Еуропалық Одақтың органдары Еуропалық Кеңес, ЕО Министрлер Кеңесі, Еуропалық Комиссия, Еуропа Парламент, ЕО әділет соты, Есеп соты, Экономикалық және әлеуметтік комитет, Еуропалық орталық банк, Еуропалық инвестициялық банк және Омбудсмен.

#### Үкіметтік емес ұйымдар

Демократияның дамуы және өзара тәуелділіктің артуымен бірдей мақсат немесе мүддене ие болған топтар әлемде өздері секілділермен бас қосып түрлі ұйымдар құрды. Әрине, бұл топтар өз қызметтерін өздері орналасқан мемлекеттің құқықтық жүйесімен рұқсат етілген деңгейге дейін жүргізуде және бұл қызметті жұмыс істеп жатқан елдің құқықтық жүйесі тарапынан қадағаланды. Аталған топтар этникалық, діни, спорттық, мәдени, идеологиялық немесе экономикалық негізде ұйым құрған болуы мүмкін. Бұл ұйымдардың мүшелері өздеріне тиесілі мемлекетті емес, өз мүшелерінің мүдделері мен мақсаттарын өкілеттілік жасады. Құрылған бұл ұйымдар өз қызметтері саласы бойынша халықаралық үйлестіруді қамтамасыз етуі мүмкін. сондай-ақ мүдделері мен мақсаттарына сәйкес үкіметтерге және халықаралық қоғамдастықтың өзге де акторларына қысым көрсетуді не болмаса бөлектеуді мақсат еткен болуы да мүмкін.

Коммерциялық емес үкіметтік емес ұйымдар өздерінің қаржылық ресурстарын жасайды. Мемлекетпен ешқандай түрде байланысы жоқ бұл ұйымдар әр түрлі мемлекет азаматтарының бас қосуы, сондай-ақ әр түрлі мемлекеттерде жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың бір шаңырақтың аясында бас қосуы түрінде де пайда болады. Мақсаттары мен ұйымдастырушылық құрылымына байланысты үкіметтік емес азаматтық ұйымдарға өте ұқсас бұл ұйымдарды өз қызметін халықаралық масштабта жүзеге асыратын үкіметтік емес азаматтық ұйымдар деп атауға болады. Азаматтық сөзінің этимологиялық контексіне сәйкес, бұл ұйымдар өз мақсаттарына жету үшін зорлық-зомбылықсыз демократиялық әдістерді қабылдаған және зорлық-зомбылықтың кез-келген түрін тәсіл ретінде қабылдамайды. Бұл ұйымдардың штаб-пәтері және осы штаб-пәтер орналасқан мемлекеттің ішкі заңнамасына сәйкес құжатпен құрылған болу керек. Үкіметтік емес ұйымдарға алғашқы үлгі ретінде Дүниежүзілік Олимпиада комитетін айтуға болады. Комитет 1894 жылы ежелгі ғасырларда Грецияда қалыптасқан олимпиадалық дәстүрді жандандыру және барлық халықтар қатысатын олимпиадалық ойындарды ұйымдастыру үшін құрылған. Дүниежүзілік олимпиада комитеті барлық мүше елдерде құрылған, олимпиада рухын жаһандық масштабта тарату мақсатында құрылған ұлттық олимпиадалық комитеттер 1896 жылдан бері төрт жылда бір рет Олимпиада ұйымдастырып келеді. Тағы бір мысал ретінде Amnesty International (Amnesty International, AI) келтіруге болады. Amnesty International бүкіл әлемдегі адам құқықтарын қорғау, тапталған адам құқықтары анықтау және адам құқықтары туралы жаһандық сауатылық қалыптастыру үшін 1961 жылы құрылған. Адам құқықтарын қорғау саласындағы жұмысы үшін Amnesty International 1977 жылы Нобель Бейбітшілік сыйлығына ие болды. Бұлардан басқа, Дүниежүзілік кәсіподақтар федерациясы, шекара танымас дәрігерлер, Қызыл крест және Халықаралық Лион клубтары сияқты жүздеген үкіметтік емес ұйымдарды атауға болады. Бұл ұйымдарды БҰҰ және Еуропа Кеңесі тіркейді.

Үкіметтік емес ұйымдар арқылы жаһандық азаматтық қоғам пайда болуда. Мемлекет шекарасының тысында, азаматтық байланыстың тыс жаңа халықаралық қоғам қалыптасуда деген пікірлер бар. Осы ұйымдар арқылы адам құқықтары тапталған, табиғи апаттардың немесе антидемократиялық әрекеттердің құрбаны болған адамдарға көмек көрсету науқандары ұйымдастырылуда. осы жағдайлардың құрбаны болған адамдардың құқықтары мен бостандықтары үшін ақпарат құралдары мен үкіметтер іс-қимылға көшуде. Үкіметтерге демократия мен адам құқықтарын ілгерілету үшін түрлі конвенцияларға қол қоюға қысым көрсетуде. Босниядағы гуманитарлық апатқа халықаралық қоғамдастықты жұмылдырған және гуманитарлық көмек көрсету үшін қоғамдық пікірді қалыптастырған маңызды субъектілер бұл аймақта жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдар деп айтуға болады. ЕО-тың әсіресе Батыс, Балқандардағы, тек соғыс кезінде ғана емес, сонымен бірге жанжалдарды шешу процестері ретінде сипатталған соғыстың тоқтатылуы, бітімге келу, бейбітшілік келісіміне қол қою, қоғамдық тәртіпті қайта

қалыпына келтіру, ұлыс құру, мемлекет құру, тұрақты бейбітшілікті құру үшін үкіметтік емес ұйымдармен бірге жұмыс істеуді жалпы саясаты ретінде қабылдады деп айта аламыз.

#### Көпұлтты Компаниялар

Өзара тәуелділік теориясы, марксистік теория және сындарлы теория көпұлтты компаниялар халықаралық саясаттағы ең маңызды талдау бірлігі болуы керек дейді. Әсіресе, Ленин 1917 жылы жарық көрген «Империализм: Капитализмнің ең жоғарғы сатысы» атты кітабында халықаралық саясат негізінен монополистік капиталдың әлемді бөлісу жобасымен қалыптасты деп мәлімдейді. Лениннің пікірінше, империализм капитализмнің кейбір белгілерінің дамуы және тікелей жалғасы ретінде пайда болды. Бұл тұрғыда, трансұлттық компанияларды Лениннің пікірі бойынша капиталды жаһандық монополиялау құралы ретінде қарастырған жөн. Ағартушы ойшылдардың бірі И.Кант халықаралық сауданың артуы мен бейбітшілік арасында байланыс құрған. Канттық көзқарасты білдіретін Вилсон қағидалары халықаралық саудадағы кедергілерді жоюға қатты мән берді. Либералды теориялар осылайша халықаралық сауданың маңызды бірлігі болып табылатын көпұлтты корпорациялардың бейбітшілікке қосқан үлестерін атап көрсетеді. Марксистік теорияның теріс көзқарасы немесе либералды теориялардың позитивті ұстанымы қабылданғанына қарамастан, көп ұлтты корпорациялар екі жағдайда да халықаралық саясаттың маңызды акторы ретінде пайда болады.

Біз трансұлттық компанияларды халықаралық ұйымдар сияқты екі топта қарастыра аламыз: біріншісі - халықаралық көпұлтты компаниялар, екіншісі - халықаралық трансұлттық компаниялар. Халықаралық көпұлтты компаниялардың серіктестері тікелей мемлекет болып табылатын компаниялар. Мемлекеттер кейде басқа мемлекеттермен бірқатар коммерциялық серіктестік құра алады. Әсіресе энергетика саласы мемлекеттер үшін бірлескен коммерциялық серіктестік құру үшін өте маңызды.

Өзінің энергиясын өндірумен қатар, оны әртүрлі құбырлармен тасымалдау бірнеше мемлекеттің ынтымақтастығымен жүзеге асырылатын бастамаларды қажет етеді. Бұл тұрғыда 1933 жылы Ұлыбритания мен Иран үкіметтері арасында қол қойылған келісіммен құрылған Англия-Иран мұнай компаниясы халықаралық көпұлтты компанияларды мысал ретінде келтіруге болады.

Халықаралық трансұлттық компаниялар бір орталыққа байланғанына қарамастан, серіктестері әртүрлі мемлекеттердің азаматтары бола алады әрі бірнеше мемлекеттердің аумағында жұмыс істеу тұрғысынан көпұлтты компаниялардан ерекшеленіп тұрады. Халықаралық трансұлттық компаниялар болса, басқа мемлекетте дилерлік немесе аффилиирленген серіктестіктер құратын компания құра алады, сатып алу немесе компаниялардың бірігуімен де пайда болуы мүмкін.

Әлемде экономикалық ресурстары жағынан көптеген мемлекеттерге қарағанда бай халықаралық ұлтаралық компаниялар бар. General Motors, Shell, Unilever, Microsoft және Boeing сияқты компаниялардың нарықтық құндылықтары орташа деңгейдегі бір мемлекеттің ұлттық табысы. Әдеттегідей, әлемдегі ең ірі компаниялар энергетика мен автомобиль көлігі

салаларында, ал 90-шы жылдардан бастап Microsoft және Apple сияқты IT компаниялары олармен бәсекеге түсе алатын нарықтық деңгейге жетті.

Көпұлтты компаниялар өздерінің экономикалық мүмкіндіктеріне байланысты халықаралық саясатқа ықпал жасайды. Өздері жұмыс істейтін мемлекеттердің заңдары өздерінің пайдасына кері әсер ете бастағанда, кейбір трансұлттық компаниялардың осы мемлекеттегі режимді өзгертуге күш салатындығы, сондай-ақ осы заңдарды өзгертуге қысым жасайтындығы байқалды. Мысалы, 1970 жылы Чилиде сайланған алғашқы социалист президент С.Альенде, ITT компаниясының қолдауына ие болған әскерилердің төңкеріс жасауынан кейін қызметінен босатылды. Үшінші дүние елдеріне инвестициялары бар көпұлтты компаниялар бұл елдердің тәуелсіз мемлекет болуына жол бермеуге тырысатыны белгілі. Сонымен қатар, либералды көзқарастар әртүрлі себептермен көпұлтты компаниялардың болуын қорғаштайды. Мысалы, бұл компаниялар бір елге келгенде, сол елдің дамуы үшін қажетті шетелдік капиталды инвестицияларды әкеледі.

Тек ақша жағынан ғана емес, сонымен қатар олардың өз елдерінен әкелетін технология трансферті елдің дамуына мүмкіндік береді. Сол сияқты, бұл компанияларда мыңдаған адамдар жұмыс істейді, бұл елдің жұмыссыздық проблемасын шешуге, сонымен бірге олардан түскен салықтар сол елдің дамуы үшін маңызды ресурс бола алады. Екі көзқарас тұрғысынан алғанда, трансұлттық компаниялар халықаралық саясаттағы белсенді актор болып табылады деп айтуға болады.

### **Қысым топтары(яғни қысым көрсетуші топтар)**

Қысым тобы дегеніміз - бұл мақсат пен мүддеге жету үшін үкіметке қысым көрсетуді көздейтін белгілі бір ой немесе мүдде төңірегінде топтасқан қауымдастықтар. Қысым топтары ықпал еткен адам санының көптігі немесе қолдарындағы экономикалық күштің арқасында үкіметтерге ықпал етуге тырысады. Сайлауда дауыс жинауға алаңдаушылық, ереуілдерден туындаған экономикалық құлдырау, халықаралық қоғамдық пікірдің реакциясына алаңдаушылық немесе саясаткерлердің экономикалық күш арқылы азғырылуы сияқты факторлар қысым көрсетуші топтардың іс-әрекеттерін табысқа жетелейді. Қысым топтары акторлық бірлік ретінде екінші орында. Бұл халықаралық саясаттың жұмысына тікелей әсер етпесе де, осы топтардың ықпалымен үкіметтер жасаған саясат халықаралық саясаттың жүруіне әсер етеді. Кәсіподақтар, сауда ұйымдары, кәсіби топтар, үкіметтік емес азаматтық ұйымдар, волонтерлар(ерікті) топтар, этникалық ұйымдар, әйелдер ұйымдары, діни топтар мен лоббилер - бірінші кезекте қысым жасайтын топтардың арасында деуге болады.

Қысым топтары кәсіподақтар немесе ассоциациялар сияқты ұйымдасқан бірліктер болуы мүмкін немесе белгілі бір проблема туындаған кезде бастамалар немесе платформалар аясында бас қосып, әлгі мәселе шешілгеннен кейін ыдырап кететін құрылым болуы да мүмкін. Қысым топтары өздерінің мақсаттары мен мүдделеріне жетудің әртүрлі әдістерін қолданады. Бұл әдістерге саясаткерлермен тікелей кездесу, қол қою науқандарын ұйымдастыру, әлеуметтік желілер арқылы интернет-қолданушыларға

хабарлау, баспасөз мәлімдемелері, жиналыстар мен демонстрациялар, ереуілдер мен бойкот жариялау жатады.

Сонымен қатар, жоғары экономикалық ресурстарға ие қысым көрсететін топтар бұқаралық ақпарат құралдарын сатып алу немесе жаңаларын құру арқылы өздерінің мақсаттары мен мүдделерін іске асыру үшін жарияланымдар шығаратыны шындық.

Әлемде және Түркияда көптеген жеке ТВ каналдары мен БАҚ әртүрлі қысым топтары тарапынан басқарылатыны айтылуда. Көбіне діни және этникалық топтар бұқаралық ақпарат құралдарын иеленіп бұқаралық ақпарат құралдарын өз мақсаттары мен мүдделері үшін үгіт-насихат құралы ретінде қолдануды жөн көреді. Сонымен қатар, лоббилер ықпалды қысым топтарының қатарына жатады.

### **Ұлт-азаттық қозғалыстар**

Ұлттық-азаттық қозғалыстар кейде террористік ұйымдармен шатастырылғанына қарамастан, ұлт-азаттық қозғалысының мәртебесі БҰҰ Бас ассамблеясында танылған. Осылайша заңды мәртебеге ие болғанын ұмытпау керек. Мемлекеттері басқыншылыққа ұшыраған немесе территорияларында соғыс қимылдары жүріп жатқан елдің заңды үкіметі бұған қарсы тұруға күші жетпегенде, онда қару алып, қарсылық көрсететін топтар, ұйымдар құра алады. Ұлт азаттық қозғалыстың екінші түрі отаршылдық ұғымына байланысты пайда болады. Әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, отарларды босату деп сипатталатын деколонизация кезеңінде отаршыл елден құтылу үшін ұлт-азаттық күрес барысында көптеген ұлт-азаттық қозғалыстар құрылды. Бұл күрестердің нәтижесінде отаршыл елдер отар елдердің тәуелсіздігін мойындау халықаралық құқық бойынша өзін-өзі басқару құқығының аясында заңды деп танылғандықтан, ұлт-азаттық қозғалыстар заңды мәртебеге ие болды. Әрине, біз халықаралық саясаттың тірек нысаны күш екенін мойындаған кезде, ұлт-азаттық қозғалыстың кімге қарсы соғысып жатқандығы оның заңдылығын қабылдаудың маңызды фактор екенін мойындауымыз керек. Басында атап өткеніміздей, ұлт-азаттық қозғалыстардың кейде террористік ұйымдармен шатастырылуының себебі, соғысып жатқан мемлекеттің халықаралық саясаттағы ықпалына байланысты өзге мемлекеттер осынау ұлттық-азаттық қозғалысты қолдауға жасқанады. Осылайша, ұлт-азаттық қозғалыстарға террористік ұйым деу арқылы оларды қолдамау әрекетін заңдастыруға тырысуда. Әрине, бұл кезде ұлт-азаттық қозғалыстардың барлық әрекеттері де заңды деп тұжырымдамау керек. Мысалы, бүкіл әлем заңды ұлттық-азаттық қозғалыс ретінде мойындалған Косово-азаттық армиясының (UCK) кейбір әрекеттерін террористік әрекеттерге жатқызуда.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистік Германияның басқыншылығына ұшыраған Францияда құрылған қарсыласу ұйымы мен Югославиядағы партизанды мысал ретінде айтуға болады. Екі қарсыласу тобы өз елдерінің басқыншыларға қарсы тұра алмастай тым ауыр әскери жеңіліске ұшырағаннан кейін басқыншылыққа қарсы тұру үшін құрылды. Сол сияқты Чехословакия ұлттық комитеті - басқыншылыққа қарсы тұру үшін құрылған

ұйымдардың бірі. Бұл қозғалыстардың барлығын одақтас мемлекеттер мойындады және тіпті Францияның ұлт-азаттық қозғалысына Англияда қуғын-сүргін кезінде үкімет құру құқығы берілді. Түркияның тәуелсіздік соғысы кезінде құрылған Кувва- и Миллие - ұлт-азаттық қозғалыстардың тамаша үлгісі. Шын мәнінде, бұл ұйым уақыт өте келе көптеген жауласушы мемлекет тарапынан танылды және Түркия Республикасын құрушы кадрлар осы ұйымның ішінен шыққан.

КСРО-ның Ауғанстанды жаулап алуы кезінде құрылған моджахедтерді де осы санатқа жатқызуға болады. Отаршыл мемлекетке қарсы тұру үшін құрылған ұлттық- азаттық қозғалыстарға Алжирдің азаттық армиясы, Мозамбик азаттық ұйымы, Үндістанды британдық колониядан босату үшін күрескен Үнді ұлттық конгресі, Оңтүстік Африка Республикасында апартеид режимімен күрескен Африка ұлттық конгресін мысал ретінде айтуға болады.

Палестинаны азат ету ұйымы (PLO) басқа ұлт-азаттық қозғалыстардан көптеген ерекшеліктерімен ерекшеленеді. PLO соғыс немесе отаршылдық күрес нәтижесінде де болған жоқ. Осман империясы құлағаннан кейін Британияның қол астына өткен Палестина аймағын 1947 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы арабтар мен еврейлер арасында бөлді.

Иерусалимге халықаралық мәртебе берген осы шешімнен кейін Израиль тәуелсіз мемлекеті 1948 жылы 14 мамырда құрылды. Осы географияда еврейлерге жер беруге қарсы болған араб мемлекеттерінің Израиль мемлекетіне шабуыл жасауы нәтижесінде күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан Палестина мәселесі басталды. Израиль мемлекеті Бас Ассамблея палестиналықтарға мемлекет құруға бөлген территорияда тұрақты түрде өзінің жерін кеңейте бастады. Израильдің осы әрекетіне байланысты 1964 жылы өткен Араб саммитінде Палестина мемлекет құру үшін Ұлттық кеңес құрылды. Израильмен күресу мақсатында құрылған бұл Кеңес біраз уақыттан кейін ПАҰ (PLO) деп аталды. PLO - бұл әртүрлі Палестиналық ұйымдарды бір жерге шоғырландырған ұйым. 1974 жылдан бастап ПАҰ (PLO) Палестина халқының түрлі халықаралық ұйымдарда өкілі ретінде өз жұмысын бастады. Ұйымның штаб-пәтері 1967 жылы Иорданияға, 1970 жылы Ливанға, 1982 жылы Туниске көшірілді. 1994 жылы қол қойылған келісіммен Израильдің Палестина халқы үшін екі орталықта басқару туралы келісімін қабылдау нәтижесінде Батыс Шерия мен Газада Палестина үкіметі құрылды. Қазіргі уақытта PLO-ке қарасты Эль-Фатх ұйымы Батыс Шерияда, Хамас ұйымы Газада сайланған үкімет ретінде жұмыс істейді.

### **Террористік ұйымдар**

Терроризмге жаһандық анықтама беру мүмкін емес. Террористік ұйымдардың әрекеттері көбіне ұлт-азаттық қозғалыстардың әрекеттеріне ұқсас болғандықтан халықаралық құқық тұрғысынан анықтама беру қиын. Өйткені, терроризмге белгілі бір таным жасаған кезде қысым көріп жатқан халықтардың азаттық күрестеріне зиян келуі мүмкін. Терроризмді сипаттап оған анықтама берген кезде онымен күресу қажеттілігін туғызады. Ал бұл жағдайда халықтардың өзін-өзі қорғау құқығы жоғалуы мүмкін. 1937 жылы дайындалған Терроризмнің алдын-алу және жазалау туралы конвенция

жоғарыда аталған алаңдаушылықтарға байланысты күшіне ене алмады. Алайда, терроризмге тікелей анықтама, сипаттама бермей-ақ террористік әрекет деп санайтын, анықтайтын және онымен күресетін көптеген халықаралық келісімдерге қол қойылды және күшіне енді.

Өртүрлі халықаралық ұйымдар лаңкестікке қатысты шешімдер қабылдады және терроризмге қарсы күрес әдістерін жетілдіруге кірісті. Осы шешімдердің ішіндегі ең ауқымдысы 2002 жылғы ЕО Негіздемелік шешімі. Шешімде «халықты елеулі қорқыту; мемлекет немесе халықаралық ұйымды бір әрекетті жасауға немесе оны жасамауға заңсыз мәжбүрлеу; мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның негізгі саяси, экономикалық, конституциялық немесе әлеуметтік құрылымдарын елеулі түрде тұрақсыздандыруға немесе жоюға бағытталған қасақана әрекеттер» террористік қылмыс деп танылады. Осы әрекеттерді жүзеге асыру үшін құрылған ұйымдар террористік ұйымдар деп аталады.

Террористік ұйымдар мемлекетке қауіп төндіргені секілді халықаралық бір ұйымға немесе ғаламдық масштабтағы наным-сенімдерге немесе адам қоғамдастығына бағытталған болуы мүмкін. Террористік шабуылдар физикалық болуы мүмкін немесе мемлекеттің немесе түрлі мекемелердің сайттарына шабуыл түрінде болуы мүмкін. Интернеттегі террорлық шабуылдар кибер террор деп аталады. Ғасырлар бойы саяси мақсаттарға жету үшін көптеген топтар қолданған белгілі терроризм әдістері әсіресе өз елдеріндегі режимді өзгерткісі келетін солшыл ұйымдар тарапынан 1960 жылдары кеңінен қолданылды. КСРО-ның ыдырауы және қырғи қабақ соғыстың аяқталуымен солшыл террордың орнына діни және этникалық-ұлтшылдық террор келді. 2001 жылы 11 қыркүйекте АҚШ-та болған террорлық шабуылдар жаһандық терроризмге қарсы стратегияны бүкіл әлемде саяси басымдыққа айналдырудағы маңызды кезең болып табылады. Кейде кейбір мемлекеттер өздерінің ұлттық мүдделерін іске асыру және өздерін жау немесе қарсылас ретінде қабылдаған мемлекеттерді әлсірету мақсатында сол мемлекеттерде әрекет ететін террористік ұйымдарды қолдайтыны белгілі. Мемлекеттер бұл қолдауды құпия барлау қызметтер арқылы, қару-жарақ немесе қаржылай көмек беру арқылы немесе ұйым мүшелеріне өзінің территориясында тұруға және ұйым құруға мүмкіншілік беру арқылы көрсетеді. Кейде мемлекеттер террористік ұйымдарға ашық түрде қолдау көрсетіп, олардың ұйымдарын ұлт-азаттық қозғалыс, ал ұйым мүшелерін партизандар деп анықтап, заңдастыруға тырысатындығы байқалуда. Кейде мемлекеттер немесе халықаралық ұйымдар қандай ұйымды террористік ұйым деп санайтынын көрсету үшін террористік ұйымдардың тізімін жариялайды. АҚШ-тың 2011 жылғы террористік ұйымдар тізімінде 44 ұйым болса, ЕО тізімінде 25 ұйым бар.

### **Деңгейлік тапсырмалар:**

**1–деңгейлік сұрақ.** Жеке адамдардың халықаралық қатынастардың акторы ретіндегі мүмкіндіктеріне мысал келтіріңіз.

**1–деңгейлік сұрақ.** Әрбір мемлекет қайраткері халықаралық саясат

субъектісі ретінде қабылданбайды деп қалай түсіндіруге болады?

1–деңгейлік сұрақ. Апартеид дегеніміз не түсіндіріңіз.

**2–деңгейлік сұрақ.** Мемлекеттің халықаралық қатынастардың акторы ретінде мәнін жоғалтпай, жаңа акторларға бой алдырмай отыруын қалай түсіндіресіз?

2–деңгейлік сұрақ. ХҮЕҰ мен ТҰК-ң халықаралық қатынастардың акторы ретіндегі болашағы қалай деп ойлайсыз?

2–деңгейлік сұрақ. Халықаралық құқықта терроризмнің жалпы танымы сипаттамасы неге жоқ түсіндіріңіз?

**3–деңгейлік сұрақ.** Халықаралық қатынастардың субъектісі және акторы терминдерінің айырмашылығын түсіндіріп беріңіз.

3–деңгейлік сұрақ. Мемлекеттің халықаралық қатынастардың акторы ретіндегі орны мен ролін сипаттап беріңіз.

3–деңгейлік сұрақ. Әрбір мемлекет қайраткерінің халықаралық актор ретінде саналмау себебін қалай түсіндіресіз?

**ОБӨЖ тапсырмалары:** Халықаралық қатынастардың қатысушысы ретіндегі мемлекеттің ролі және мәні. Халықаралық қатынастардың мемлекеттік емес қатысушылары.

**БӨЖ тапсырмалары:** Үкіметаралық ұйымдардың негізгі белгілері мен типологиясы.

### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.
2. Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
3. Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
4. Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi.
5. Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
6. Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan, 7. C. S. Roach
7. Ұлы конвергенция: Азия, Еуропа және бірге әлем логикасы, 2017, М. Кишор
8. Бітімгер: Сирия түйіні. Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
9. Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
10. Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü. Anayasal, sosyal ve uluslararası demokrasi, 2015, J. P. Cormick
11. Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireççi M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
13. Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
14. Ресейдің сыртқы саясаты (ХІ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басы), 2014,
15. М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
16. Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli



**Қосымша:**

- 1.Arı, T. (2006). **Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika**, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, **Ankara Üniversitesi SBF Dergisi**, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). **Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar**, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). **International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction**, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). **Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması**, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınları